

"Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 28 ақпандағы № 8 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 ақпанда № 35761 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19242 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларында:

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу порталда мынадай тәсілдердің бірімен:

- 1) конкурс;
- 2) баға ұсыныстарын сұрату;
- 3) бір көзден алу тәсілімен;
- 4) биржалық тауарды сатып алушы ретінде тауар биржаларында жүзеге асырылады.

Биржалық тауарларды сатып алу Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес тауар биржалары арқылы жүзеге асырылады."

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Ұлттық экономика министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Көлік министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Өнеркәсіп және құрылыс

министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Су ресурстары және ирригация

министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрлігі